

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 24 ақпандағы N 73.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

1996 жылғы 16 қыркүйекте Бакуде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция**

Ескерту. Конвенцияның атауына өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен .

Ескерту. Конвенцияның бүкіл мәтіні бойынша "әкімшілік бөлімшесі" деген сөздер тиісті септіктегі "әкімшілік-аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі екі Мемлекеттің арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайтып, дамыту ниетін басшылыққа алып және табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасасуға ниет білдіре отырып,
мынаған келісті:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция салықтарды алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері яки жергілікті өкімет органдары алатын табысқа салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін ырзықақының немесе жалақының жалпы мөлшерінен алынатын салықтарды қоса табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынған табыстарға салынатын салықтар, сондай-ақ мүлік құнының өсімінен алынған табыстарға салынатын салықтар табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын қазір алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

- а) Қазақстан Республикасында:
 - (i) корпоративтік табыс салығы;
 - (ii) жеке табыс салығы;(бұдан әрі "Қазақстан салықтары" деп аталатындар);
- б) Әзербайжан Республикасында:
 - (i) заңды тұлғалардың пайдасына салынатын салық;
 - (ii) жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық(бұдан әрі "Әзербайжан салықтары" деп аталатындар).

4. Осы Конвенция сондай-ақ осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша ретінде немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгертулер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен басқадай мағына тумамайтын болса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) мына терминдер:

(i) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданған кезде "Қазақстан" термині оның заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егеменді құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды білдіреді;

(ii) "Әзербайжан" термині Әзербайжан Республикасының ішкі суларын, Әзербайжан Республикасына тиесілі Каспий теңізінің (көлінің) секторын, Әзербайжан Республикасының үстіндегі әуе кеңістігін, сондай-ақ халықаралық құқыққа және Әзербайжан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес оның шегінде Әзербайжан Республикасы жер қойнауларына, теңіз түбіне және табиғи ресурстарға қатысты өзінің егеменді құқықтарын және юрисдикциясын жүзеге асыратын аумақ ретінде айқындалатын немесе болашақта айқындалатын кез келген басқа да аумақты қоса алғанда, Әзербайжан Республикасының аумағын білдіреді;

б) "тұлға" термині жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, компанияны және адамдардың кез-келген басқа да бірлестігін қамтиды;

с) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік бірлестікті немесе кез-келген экономикалық бірлікті білдіреді;

д) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекстке байланысты Қазақстанды немесе Әзербайжанды білдіреді;

е) "бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды білдіреді;

ф) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бекеттері арасында пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен жасалатын кез-келген тасымалды білдіреді;

г) "құзыретті орган" термині:

(I) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті уәкілін;

(ii) Әзербайжанда: Салықтар жөніндегі министрлікті және Қаржы министрлігін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(I) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке тұлғаны;

(II) өзінің мәртебесінің Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе ассоциацияны білдіреді.

2. Осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген мағына терминге осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша берілетін мағынадан жоғары басымдыққа ие болады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияны мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша өзінің тұрғылықты мекені, тұрақты болатын жері, тіркелген (құрылған) жері, басқару орны немесе осындай басқа да белгісі негізінде онда салық салынуға тиіс тұлғаны білдіреді.

Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті, оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесін немесе жергілікті өкімет орындарын қамтиды.

Солай бола тұрса да бұл термин тұлға осы Мемлекеттегі көздерден табыс келтіріп отырғаны негізінде ғана осы Мемлекетте салық салынуға тиіс тұлғаны қамтымайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былайша айқындалады:

а) ол өзінің тұрақты баспанасы бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі. Егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінде де тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер жеке тұлғаның резиденттігі мәртебесін осы тармақтың а), d) және с) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындала алмайтын болса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға болып табылмайтын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзі тіркелген (құрылған) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

5-бап

Тұрақты мекеме (өкілдік)

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме (өкілдік)" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметпен толық немесе ішінара айналысатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме (өкілдік)" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- a) басқару орны;
- b) филиал (бөлімше);
- c) кеңсе;
- d) фабрика;
- e) шеберхана;

f) шахта, кеніш, мұнай немесе газ скважинасы, карьер, қондырғы, ғимарат немесе табиғи ресурстар барланатын, игерілетін және өндірілетін басқа да кез-келген орын (соның ішінде кеме), сондай-ақ осы жұмыстардың атқарылуын қадағалауға байланысты қызметтер.

3. "Тұрақты мекеме (өкілдік)" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

a) құрылыс алаңы немесе құрылыс, монтаждау яки құрастыру объектісі немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, егер мұндай алаң немесе объект 6 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса ғана немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса ғана; және

b) қызметшілер немесе кәсіпорын осындай мақсаттар үшін жалдаған басқа да персонал арқылы кәсіпорын көрсететін консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсету, бірақ егер осындай сипаттағы қызмет (осындай немесе оған байланысты жоба үшін) Уағдаласушы Мемлекетте кез келген 12 айлық кезең шегінде 6 айдан астам кезең немесе кезеңдер бойы жалғасатын болса ғана.

4. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме (өкілдік)" термині мыналарды қамтымайды:

a) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

b) осы кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстау;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана ұстау;

d) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін ғана немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа қызметпен айналысу мақсаттары үшін ғана ұстау;

f) тұрақты қызмет орнының а) тармақшасынан е) тармақшасына дейін санамалап көрсетілген амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын қызмет түрлерінің кез-келген осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер осы баптың 6-тармағында айтылған тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет етсе

және бірінші Уағдаласушы Мемлекетте келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса әрі оны әдетте пайдаланып жүрсе немесе кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдар қорын сақтап отырса, олардан кәсіпорын атынан одан әрі өткізу мақсатында осы тауарлар мен бұйымдар ұдайы жіберіліп тұрса, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асырып отырған кез-келген қызметке қатысты бірінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар кәсіпорын болып есептеледі, осындай тұлғаның қызметі осы баптың 4-тармағында ескертілген қызмет түрлерімен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін басқа Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссиягер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, сол Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды. Алайда, мұндай агенттің қызметі осындай кәсіпорынның атынан толық немесе толық дерлік орындалса және осындай кәсіпорын мен агенттің арасында олардың коммерциялық және қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында орнатылуы мүмкін болатыннан өзгеше жағдайлар жасалса, онда ол осы тармаққа сәйкес тәуелсіз мәртебесі бар агент болып есептелмейді.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы яки осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы немесе басқадай жолмен) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екеншісінің тұрақты мекемесіне (өкілдігіне) айналдырмайды.

8. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру ұйымы қайта сақтандыруды қоспағанда, егер ол басқа Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында жарналар жинаумен айналысса немесе онда туындайтын, осы баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы тәуекелдерді сақтандырса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеме құрады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табыстарға (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табыстарға) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қарастырылып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай

мағынаға ие болады. Бұл термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық қорларды, кен көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды қамтиды; теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сондай-ақ кәсіпорындардың жылжымайтын мүлкінен алынатын табыстарға және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табыстарға да қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса ғана осы кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда көрсетілгендей жүзеге асырса, онда осындай кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ тек:

а) осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке);

б) осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға ұқсас немесе олармен бірдей тауарлардың немесе бұйымдардың сатылымына; немесе

с) осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын, өзінің сипаты бойынша тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке ұқсас немесе онымен бірдей басқа кәсіпкерлік қызметке жататын бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса, онда осы тұрақты мекеме (өкілдік) нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және бөлек кәсіпорын болып, өзі тұрақты мекемесі (өкілдігі) болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке) жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің (өкілдіктің) пайдасын айқындау кезінде осы Мемлекеттің ішкі заңдарында белгіленген нормалардың шегінде тұрақты мекеменің (өкілдіктің) мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде тұрақты мекеме (өкілдік) орналасқан Мемлекетте немесе одан тыс жерлерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығындарын шегеріп тастауға болады.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге (өкілдікке) қатысты пайданы кәсіпорынның жалпы жиынтық пайдасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында бөлу арқылы немесе тура және жанама әдістер негізде айқындауға рұқсат етілсе, онда осы баптың 2-тармағында ешнәрсе де Уағдаласушы Мемлекетке әдеттегі практиканы басшылыққа ала отырып, салық салынатын пайданы осындай бөлу арқылы немесе тура және жанама әдістер негізінде айқындауға кесел келтірмейтін болады.

5. Тұрақты мекеменің (өкілдіктің) кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуы негізінде ғана осы тұрақты мекемеге (өкілдікке) қандай да болсын пайда есептелмейді.

6. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылған табыс түрлерін қамтитын болса, ол баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

7. Егер осындай тәртіптегі өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, осының алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге (өкілдікке) қатысты пайда жылма-жыл біркелкі тәсілмен айқындалады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін теңіз және әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алынған пайда, атап айтқанда, мыналарды:

а) экипажы жоқ теңіз және әуе кемелерін жалға беруден алынған табысты; және

б) тауарлар мен бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлерді (соның ішінде трейлерлерді және контейнерлер тасымалдауға арналған ілеспе жабдықтарды) пайдаланудан, ұстаудан немесе жалға беруден алынған пайданы;

егер мұндай жалдау немесе мұндай пайдалану, ұстау яки жалдау теңіз және әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдалануға қатысты негізгі емес қызмет түрі болғанда қамтиды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе теңіз және әуе кемелерін пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан алынған пайдаға да қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мына жағдайда:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорнын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және әрбір жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық және қаржы тұрғысындағы өзара қарым-қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда соладың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез-келген пайда осы кәсіпорынның табысына қосылып, оған тиесінше салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы басқа Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиесінше салық салса және осылай қосылған пайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы қатынастардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауы мүмкін. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтер алушы оның нақты иесі болса, осылай алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе пайдаға қатысу құқығын беретін борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді нақ сондай салық салуға жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7 немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған жағдайда осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерді салықтан толық босата алады және, егер тіпті дивидендтер төленген немесе бөлінбеген пайда толық не ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болатын пайдадан немесе табыстан тұрған күннің өзінде, компанияның пайдасына салық сала алмайды.

6. Осы Конвенцияда ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекетке компанияның осы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге (өкілдікке) қатысты таза пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептелетін салыққа қосымша, осылай есептелген кез-келген қосымша салық бұның алдындағы салық салынған жылдары осындай салық салуға ұшырамаған осындай пайда сомасының 2 процентінен аспайтын жағдайда, салық салуға кедергі келтіретіндей болып пайымдала алмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда осы тармақта ескертілген, тұрақты мекеме (өкілдік) орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын қосымша салыққа қарағанда өзгеше барлық салықтарды одан шегеріп тастағаннан кейін айқындалады.

11-бап

Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы оның нақты иесі болса, ондай жағдайда алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын пайыздарға, егер пайыздардың нақты иесі:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) Үкімет,

(ii) орталық немесе жергілікті билік органы,

(iii) Ұлттық Банк,

(iv) басқа Уағдаласушы Мемлекетке толығымен тиесілі кез келген басқа қаржы мекемесі;

б) Әзербайжан жағдайында:

(i) Үкімет,

(ii) орталық немесе жергілікті билік органы,

(iii) Орталық банк,

(iv) басқа Уағдаласушы Мемлекетке толығымен тиесілі кез келген басқа қаржы мекемесі болып табылса, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышқорлардың пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынатын табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табыс пен облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар яки борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Мезгілінде төленбеген төлемдер үшін алынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және проценттер төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және осындай пайыздар бойынша шығыстарды тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база төлейтін болса, онда осындай пайыздар мұндай тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын үшінші тұлғаның арасындағы айырқша қатынастарға байланысты борыштық талапқа қатысты және соның негізінде төленетін проценттердің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомада асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

8. Егер проценттер төленетін борыш талабының туындауына немесе тапсырылуына байланысы бар кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе тапсыру арқылы осы баптан пайда алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетке салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялтиді алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылғанда әдеби, өнер немесе ғылым шығармаларына, бағдарламалық қамтамасыз етуге, кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілген кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін

немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық яки ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез-келген түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен (өкілдікпен) немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7 немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты роялтиді төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти бойынша шығыстарды тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база төлейтін болса, онда роялти тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын үшінші тұлғаның арасындағы айрықша қатынастарға байланысты өзі негізге алынып төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер төленетін роялтиге қатысы бар құқықтарды жасауға немесе беруге байланысы бар кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

13-бап

Мүлікті шеттетуден алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті, осы Конвенцияның 6-бабында айқындалғандай, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің (өкілдіктің) кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарамағында болып отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (өкілдікті) (жеке өзін немесе тұтас кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз яки әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алатын табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті құнының 50 пайыздан астамы басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікке тікелей немесе жанама түрде байланысты компанияның акцияларын, капиталындағы қатысу үлестерін немесе өзге құқықтарын иеліктен шығарудан алған табыстарға осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Осы баптың алдыңғы тармақтарында көзделгеннен өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға мүлікті иеліктен шығарып отырған тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің кәсіби қызметтеріне немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметіне қатысты алатын табысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады, мұндай табысқа:

а) егер оның өз қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте оған тиесілі тұрақты базасы бар болса; бұл жағдайда табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана; немесе

б) егер ол басқа Уағдаласушы Мемлекетте кез келген он екі айлық кезеңде жиынтығында 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер бойы болса; бұл жағдайда осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын қызметтен алынған табыстың бөлігіне ғана екінші Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін жағдайлар жатпайды.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің,

инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

3. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты база" термині, атап айтқанда, жеке қызметтер көрсететін тұлғаның қызметі сол арқылы толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты орынды (бөлме, кабинет немесе кеңсе секілді) білдіреді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. Осы Конвенцияның 16, 18 және 19-баптарының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алатын ырзықақыға, жалақыға және басқа осындай сыйақыларға, егер тек жалданып істейтін жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша атқарылса, осыған байланысты алынған сыйақыларға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, егер:

а) сыйақы алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең ішінде немесе кезеңдер бойы осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүрсе; және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төленсе немесе ол жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыларды төлеу жөніндегі шығындарды жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы көтеріп алмаса, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте жалданып істеген жұмысына байланысты алатын сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз және әуе кемесінің бортында жалданып істейтін жұмысқа байланысты алынатын сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті директорлар кеңесінің немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның осындай органының мүшесі ретінде алатын директорлар сыйақылары мен басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. Осы Конвенцияның 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті театр, кино, эстрада, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын өзінің жеке қызметінен алатын табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы сипатында айналысатын жеке қызметінен алатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа осы Конвенцияның 7, 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Зейнетақылар

Осы Конвенцияның 19-бабының 2-тармағының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жалданып атқарған бұрынғы жұмысына байланысты төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай сыйақыларға осы Мемлекетте салық салынуы тиіс.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы кез-келген жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырылатын қызмет үшін төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға;

(I) осы мемлекеттің азаматы болса; немесе

(II) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса, мұндай сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға төлейтін немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі яки өкімет органы үшін жүзеге

асыратын қызметі үшін төленетін кез-келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, егер жеке тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті немесе азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 15, 16 және 18-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының кәсіпкерлік қызметті атқаруына байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

20-бап

Студенттер

Уағдаласушы Мемлекеттің біріне келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болған немесе болып табылатын және бірінші аталған Мемлекетте тек оқу немесе білім алу және тағылымдамадан өту мақсатында тұрып жатқан студент, аспирант немесе кәсіби оқудан өтіп жатқан тұлға алатын әрі тұруға, оқуға және білім алуға арналған төлемдерге, мұндай төлемдердің көздері осы Мемлекеттен тыс жерлерде болған жағдайда, бірінші аталған Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Басқа да табыстар

1. Осы Конвенцияның осының алдындағы баптарында ескертілмеген, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін табыс түрлеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай табыстарға сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін.

3. Егер осы Конвенцияның 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарды алушы Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса және осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және табыс алуға негіз болған құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен (өкілдікпен) немесе тұрақты базамен байланысты болса, мұндай табыстарға осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

22-бап

Мүлік

Ескерту. 22-бап алып тасталды - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Әзербайжанда салық салынуы мүмкін табыс тапса, Қазақстан резиденттің осындай табысына салынатын салықтан Әзербайжанда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға мүмкіндік береді.

Мұндай шегерім кез келген жағдайда Қазақстанда қолданылып жүрген мөлшерлемелер бойынша осындай табысқа есептелуі мүмкін салықтың мөлшерінен аспауы тиіс;

б) егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек қана Әзербайжанда салық салынатын табыс тапса, Қазақстан бұл табысты салық салу базасына, бірақ тек Қазақстанда салық салынуға жататын осындай басқа табысқа салынатын салық мөлшерлемесін белгілеу мақсаттары үшін ғана енгізуі мүмкін.

2. Әзербайжан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

егер Әзербайжанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс тапса, онда Қазақстанда төленген осы табысқа салынатын салық сомасы Әзербайжанда резиденттің осындай табысынан алынатын салықтан шегеріліп тасталуы тиіс. Мұндай шегерім, алайда, Әзербайжанның салық заңнамасына сәйкес есептелген осындай табысқа салынатын оның салық сомасынан аспайтын болады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

24-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайтын болады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда осы Мемлекеттің азаматтары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда

өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамайтын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге (өкілдікке) салық салу осы басқа Мемлекетте нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға карағанда қолайсыздау болмауға тиіс. Бұл ереже Уағдаласушы Мемлекеттің бірін ол өзінің төл резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасы жағдайлары негізінде беріп отырған салық салу жөніндегі қандай да болсын жеке жеңілдіктерді, шегерімдер мен шегерулерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне де беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмауға тиіс.

4. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының, 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс.

5. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей не жанама түрде бақылап отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан яки онымен байланысты міндеттемеден өзгеше яки анағұрлым ауыртпалықты болып келетін кез-келген салық салуға немесе онымен байланысты кез-келген міндеттемеге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

6. Осы баптың ережелері осы Конвенция қолданылатын салықтарға қолданылатын болады.

25-бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайы 24-баптың 1-тармағының қолданылу аясына жататын болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар жеткізілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмайтын болса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органмен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез-келген қол жеткізілген Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да бір уақыт шектеулеріне карамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күмәндарды өзара келісе отырып шешуге ұмтылатын болады. Олар сондай-ақ осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осының алдындағы тармақтарды келісу әрі түсінісу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің, олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің, орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтін дәрежеде алынатын салықтардың кез келген түріне және сипатына қатысты ұлттық заңнаманы қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен, сол сияқты жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде жария ете алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (ordre public) қайшы келуі мүмкін ақпаратты ұсыну міндеттемелерін жүктейтіндей түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты осы бапқа сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекет сұратса, басқа Уағдаласушы Мемлекет тіпті, егер осындай ақпарат осы басқа Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, сұрау салынған ақпаратты жинау жөніндегі шараларды қолданады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттемеге осы баптың 3-тармағының шектеулері қолданылады, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей түсіндірілмейді.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет ететін тұлға болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен ғана Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей түсіндірілмейді.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.02.2018 № 141-VI Заңымен.

27-бап

Салық жинауда көмек көрсету

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары салық жинауда бір-біріне көмек көрсетіп отырады, бұл ретте осы ереже осы Конвенцияның 2-бабының ережелерімен шектеліп қалмайды.

2. Осы бапта ешнәрсе де Уағдаласушы Мемлекетті оның өз салықтарын жинау кезінде пайдаланылатыннан өзгеше немесе оның әдеттегі практикасына қайшы келетін әкімшілік сипаттағы шаралар қолдануға міндеттейтіндей болып пайымдала алмайды.

3. Осы бапты қолдану жөніндегі практикалық іс-қимылдар салық заңдарын сақтау мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы Уағдаласушы Мемлекеттер Үкіметтері арасындағы Келісім арқылы айқындалатын болады.

28-бап Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің мүшелері

Осы Конвенция ережелерінің ешқайсысы дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер мүшелерінің халықаралық құқықтық жалпы нормалары арқылы немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайтын болады.

28-1-бап

Жеңілдіктерді шектеу

1. Осы Конвенцияның ережелері ешқандай жағдайда да Уағдаласушы Мемлекетке өзінің ұлттық заңнамасының ережелерін және салықтан жалтаруға немесе шын мәнінде осылайша сипатталған жалтаруға қарсы шараларды қолдануға тыйым салмайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне, егер оның ісі басты мақсат немесе басты мақсаттардың бірі осы Конвенциядан пайда алу болып табылатындай құрылған болса, осы Конвенцияны қолдану құқығы берілмеуі тиіс.

Ескерту. Конвенция 28-1-баппен толықтырылды - ҚР 06.02.2018 № 141-VI Заңымен

29-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция бекітілуге тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуі де оның күшіне енуі үшін әр Мемлекеттің ішкі заңдарында көзделген рәсімдерді орындағанын көрсететін хабардың соңғысынан кейінгі 30-күні күшіне енеді және оның ережелері:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе содан кейін ұсталатын яки есепке алынатын сомаға қатысты көзден ұсталатын салықтарға; және

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан немесе содан кейін басталатын салық салынатын кезеңге қатысты басқа да салықтарға қолданылатын болады.

30-бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енген күннен бес жыл өткен соң кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде алты ай бұрын Конвенцияның қолданылу күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлай отырып, Конвенцияның күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция:

а) қолданылу үшін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейін келетін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе содан кейін төленетін яки есепке алынатын сомалар бойынша көзден ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) қолданылу күшін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейін келетін жылдың бірінші қаңтарынан немесе содан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа да салықтарға қатысты өзінің қолданылу күшін тоқтатады.

Баку қаласында 1996 жылғы 16 қыркүйекте әрқайсысы қаза, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы

Конвенцияның ережелерін пайымдауда алшақтық туа қалған жағдайда орысша мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК